

Ақтоғай ауданының ауылдық округтерінің шекараларын өзгертудің кейбір мәселелері туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 қыркүйектегі N 60/7 (III сайланған, VII сессия) шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 15 қазанда N 2743 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына сәйкес және Ақтоғай аудандық мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 3/4 бірлескен шешімі негізінде, облыстық мәслихат және облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты Тайқоңыр селосы таратылсын және кейін есептік деректерден шығарылсын.

Тайқоңыр селосы Харьков ауылдық округінің Харьков ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін сақтау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Н. Шабрат

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров